

**Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құратын ұйымдардан өндірілетін тауарлар мен көрсететін қызметтерді конкурсты ұйымдастырушылар сатып алатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің 2003 жылға арналған номенклатурасы мен олардың көлемі (пайыз көрінісінде) бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 29 желтоқсан N 1435

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 27-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құратын ұйымдардан өндірілетін тауарлар мен көрсететін қызметтерді конкурсты ұйымдастырушылар сатып алатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің 2003 жылға арналған номенклатурасы бекітілсін.

2. Конкурстарды ұйымдастырушылар осы қаулыға қосымшада көрсетілген тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құратын ұйымдардан өндірілетін тауарлар мен көрсететін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды осы тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жалпы көлемінің 30 пайызынан кем емес көлемде, заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2                      ж ы л ғ ы                      2 9                      ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№                      1 4 3 5                      қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құратын ұйымдардан өндірілетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді конкурсты ұйымдастырушылар сатып алатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің 2003 жылға арналған номенклатурасы**

1. Азық-түлік тауарлары:
  - 1) нан, нан-тоқаш тағамдары;
  - 2) макарон тағамдары;
  - 3) консервіленген ет;
  - 4) шұжық тағамдары.

2. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар:
  - 1) тігін өнеркәсібінің өнімдері;
  - 2) тоқыма өнеркәсібінің өнімдері;
  - 3) арнайы киім;
  - 4) теріден тігілген киімдер және оның бұйымдары, тері бас киімдер;
  - 5) төсек-орын керек-жарақтары;
  - 6) электротехникалық бұйымдар;
  - 7) көлік құралдары, ауыл шаруашылығы машиналары мен тракторлар үшін қосалқы бөлшектер (сүзгіштер, электр сымдары, мәуесектер);
  - 8) пластмасса, металл, былғары бұйымдары;
  - 9) мал байлайтын шынжыр;
  - 10) рабца торкөзі;
  - 11) аяқ киім тігу және жөндеу;
  - 12) тұрмыс, мектеп және кеңсе жиһазы;
  - 13) кеңсе тауарлары;
  - 14) құрылыс материалдары:
    - тротуар тақталары;
    - ағаш бұйымдары;
    - шегелер;
    - терезе және есік жақтаулары;
  - 15) қыл тазалау-мәуесек бұйымдары;
  - 16) тығындау бұйымдары;
  - 17) қатырма қағаз бұйымдары;
3. Қызмет көрсетулер:
  - 1) аяқ киім тігу және жөндеу;
  - 2) полиграфиялық;
  - 3) салт-ғұрыптық;
  - 4) жарнама-ақпарат, баспа қызметтерін көрсету;
  - 5) күрделі тұрмыстық техниканы жөндеу.